

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ («Эмитент»)
500 000 000 АҚШ доллары 4,75% 2025 жылға дейін өтелетін облигациялар
(«Облигациялар»)
(Regulation S ISIN: XS1807299174; Ортақ код: 180729917;
Rule 144A ISIN: US48667QAR65; Ортақ код: 180730443; CUSIP: 48667QAR6)

2023 жылғы 11 сәуір

№1 МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Осы хабарламада анықталмаған бас әріппен жазылған терминдер олар үшін Облигациялардың Шарттары мен Ережелерінде көрсетілген мағыналарға ие болады.

Осы арқылы Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға Облигациялардың Шарттары мен Ережелерінің 12(f) (*Эмитенттің қалауы бойынша толық өтеуді жүргізу*) Талабына сәйкес 2023 жылғы 26 сәуірде (**«Мерзімінен бұрын өтеу күні»**) барлық Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін пайдаланатыны туралы хабарлайды.


Облигациялардың Шарттары мен Ережелерінің 12(f) (*Эмитенттің қалауы бойынша толық өтеу жүргізу*) Табабына сәйкес Эмитент Облигацияларды Мерзімінен бұрын өтеу күнінде келесі бағамен толығымен өтейді:

- (a) айналыстағы Облигациялар бойынша негізгі борыштың жиынтық сомасы;
- (б) 12(f) Талабына сәйкес (егер мұндайлар болса) төленуі мүмкін, есептелген, бірақ Мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін төленбеген пайыздар мен басқа да сомалар (**«Есептелген сыйақы»**); және
- (c) Мерзімінен өтеу үшін сыйлықақы.

Есептелген сыйақы сомасы мен Мерзімінен бұрын өтеу үшін сыйлықақы Эмитенттің Облигацияларды ұстаушыларға Мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін кемінде екі Жұмыс күні бұрын жеке хабарланатын болады.

Осы хабарламаны Эмитент шығарды.

Құрметпен,



Басқарма төрағасының орынбасары
Диана Арысова

